

АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ "ЕРКЕҒАЛИ РАХМАДИЕВ
АТЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК АКАДЕМИЯЛЫҚ ФИЛАРМОНИЯ"
МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫНДА
«ПАРАСЫЗ ҚОҒАМ» ТАҚЫРЫБЫНДА ӨТКЕН ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ
ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

18 қыркүйек 2023 жыл, сағ.: 15:00

Қазіргі таңда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес - өзекті мәселе. Сыбайлас жемқорлықпен күресте, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына деген сенімін нығайту бүгінгі таңдағы басты міндет.

Осы мақсатта бүгін Астана қаласы әкімдігінің «Еркеғали Рахмадиев атындағы мемлекеттік академиялық филармониясында» «Парасыз қоғам» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Аталған іс-шараға Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Астана қаласы бойынша департаментінің өкілі **Алмагүл Кенебаева** арнайы келіп қатысты. Алмагүл Ерсіңқызы өз кезегінде сыбайлас жемқорлыққа қатысты мемлекет тарапынан қабылданып жатқан іс-шаралар туралы және жемқорлыққа қарсы жасалынып отырған жұмыстардағы өзгерістер туралы ақпаратымен бөлісті. Кездесу соңында спикерге тыңдаушылар тарапынан сұрақтар қойылып, жауаптар алынды. Іс-шараға филармонияның **40-қа** жуық қызметкерлері (*басшылық құрам және бөлім қызметкерлері*) қатысты. Ұжымда аталған тақырып бойынша өзге де спикерлерді шақырып, пікір алмасу алдағы уақытта жалғасын табатын болады.

Офицер-комплаенс: Ж.Сулейменов
+7 701 241 87 48

